

Тауарлардың шығу тегі туралы сертификатты беру және куәландыру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 маусым N 889.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

"Тауардың шыққан елін анықтаудың тәртібі туралы" Тәуелсіз Мемлекеттер
Достастығы Үкіметтері Басшылары Кеңесінің 1993 жылғы 24 қыркүйектегі
шешімінің 11-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасында тауарлардың шығу тегі туралы сертификат
беру мен куәландыру жөніндегі өкілетті орган Қазақстан Республикасы
Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және
сертификаттау жөніндегі комитеті болып табылады деп белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтағы сөздер ауыстырылды - ҚРҰ-нің 1997.04.08.

N

5 0 5

қ а у л ы с ы м е н .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.07.03. N 634

қ а у л ы с ы м е н .

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сауда режимі туралы
келісімдермен көзделген преференцияны Қазақстан Республикасына тарату үшін
ТМД-ға мүше мемлекеттердің сыртқы экономикалық ведомстволарына, ЕЭҚ-ға
және басқа шетелдерге мөрдiң және тауарлардың шығу тегі туралы
сертификаттарды растауға өкілетті
адамдардың қойған қолының үлгілерін жіберсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

б і р і н ш і о р ы н б а с а р ы